

**"Жеке санаттағы мұқтаж ететін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы"
аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 8 ақпандағы № 180 шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 191 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 мамырда N 13-11-175 тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
мәслихатының 05.11.2012 N 56 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік Кодексінің 56-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. «Жеке санаттағы мұқтаж ететін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 8 ақпандағы № 180 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімде 2010 жылдың 18 наурызында тіркелген № 13-11-171, газеттерде жарияланған «Тайынша Таңы» 2010 ж. 9 сәуір, «Тайыншинские вести» 2010 ж. 9 сәуір) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

1 тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1) Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген басқа да санаттағы тұлғаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе ертеде «Батыр Ана» атағын алған, сонымен қатар I және II дәрежелі «Ана Даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға, Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, 3 дәрежелі Даңқ ордендерінің иегерлеріне, 1998-1989 жылдары Чернобыль АЭС апатының зардаптарын жоюға қатысушылар санының тұлғаларына, Қазақстан Республикасына иесіздендіру және көшіру аймақтарынан көшірілгендерге (өз еркімен көшіп кеткендерге) көшетін күнде анасының құрсағында болған балаларды қоса санаторлық-курорттық емделуге жылына бір рет жолдама құнының мөлшерінде»;

1 тармақтың 2) тармақшасында:
(қымбатты металдарды, метал керамикалық протездерді қоспағанда) деген сөздерден кейін (метал пластика) жылына бір рет» сөздерімен толықтырылсын;

1 тармақтың 3) тармақшасы жойылсын;

1 тармақтың 4) тармақшасында:
«жылына бір рет» деген сөздерден кейін «жолдама құнының мөлшерінде» деген сөздермен толықтырылсын.

мына мазмұндағы 1-1 тармағымен толықтырылсын:

« 1 - 1 . Белгіленсін :

1) Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өтінішті берген айынан бастап монша және шаштаразға бару үшін ай сайын әлеуметтік көмек тағайындалады және өтініш берушінің қаза болғанына байланысты немесе аудан шекарасынан көшіп кеткеніне байланысты тоқтатылады. Төлем көрсетілген оқиға болған айынан келесі айдан бастап тоқтатылады;

2) тісті протездеуге әлеуметтік көмек тісті протездеуге лицензиясы бар аудан бюджетімен қарастырылған қаражаттар шегінде тісті протездеу құнының мөлшерінде (қымбатты металдарды, метал керамикалық, метал пластикалық протездерді қоспағанда) медициналық ұйыммен жүзеге асырылады;

3) жергілікті бюджеттен әлеуметтік төлемдер екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операцияларды іске асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмекті алушының есеп-шотына ақша қаражатын аудару жолымен іске асырылады».

2. Бұл шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тиісті.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Аудандық мәслихаттың хатшысы	Т. Н.	Сәрсембаев Трифонов
К Е Л І С І Л Д І «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекеменің бастығы	Ю.	Солунина
12.04.2010 ж.		